

“Бекітемін”  
Е.Әуелбеқов атындағы №4 облыстық  
мамандандырылған мектеп-лицей-интернат  
директоры Қ.Ақышева  
«    »    2022 жыл

**ТӘРБИЕ САЛАСЫ БОЙЫНША  
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

№	ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ АТАУЫ	ӨТКІЗІЛУ ФОРМАСЫ	ЖАУАПТЫЛАР	ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ
<b>I ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ</b>				
<b>ҚЫРКҮЙЕК «ЖАУАПКЕРШІЛІК» АЙЫ</b>				
1	1. 1 қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты жиын 2. «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» - бірыңғай сынып сағаттары	Салтанатты жиын Фото, видео есеп (Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие)	Әкімшілік ДТІЖО Куратор, тәрбиешілер	01.09
2	Мектеп-лицей - интернат қушыларының әлеуметтік картасын жасау	Әлеуметтік карта (Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие)	ДОІЖО ДТІЖО Әлеуметтік педагог Психолог Куратор, тәрбиешілер	02.09 – 05.09
3	ҚР мемлекеттік рәміздеріне 30 жыл «Мен өз туымды мақтан етемін!» - бейнероликтер дайындау	Бейнеролик (Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие)	9-10 тәрбиешілері	01.09 – 10.09
4	Тілдер күні – бірлігіміздің жарқын көрінісі	Тілдер күніне арналған іс-шара (Рухани – адамгершілік тәрбие)	Қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдері ДТІЖО Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері	5.09  5.09
5	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысын ұйымдастыру	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клуб жұмысын жандандыру (Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие)	ДТІЖО Тәрбиешілер	6-10.09

6	«Отбасы күніне» орай «Отбасы – орта мектеп» тақырыбында семинар	Фотоесеп Анықтама (Отбасы тәрбиесі)	ДТТЖО Аналар академиясы	Қыркүйек
7	«Бала тәрбиесі - бесіктен» тақырыбында ата-аналар жиналысы	Ата-аналар жиналысы (Отбасы тәрбиесі)	Кураторлар Тәрбиешілер	13-17.09
8	«Отбасым-бақыт мекенім» 15 қыркүйек - Отбасы күніне ай іс-шаралар жоспарын құру	Апталық іс- шаралар (Отбасы тәрбиесі)	Тәрбие бірлестігі	15.09
9	«Ертеңді ойласаң-есірткіге жолама»	Эссе жазу (Рухани – адамгершілік тәрбие)	Медбике тәрбиешілер	24.09
<b>ҚАЗАН «ҚҰРМЕТ» АЙЫ</b>				
10	1 қазан- қарттар күніне орай «Қарты бар елдің қазынасы бар» атты Қызылорда облыстық қарттар үйіне» мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастыру Ардагер ұстаздарды мерекелік құттықтау	Құттықтау Іс-шаралар (Көпмәдениетті және сөркем – эстетикалық тәрбие)	8-10 сынып тәрбиешілері «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы	01.10 – 09.10
11	«Ұстаздарға мың рақмет!» атты ұстаздар күнін мерекелеу	Салтанаты жиын іс-шаралар (Көпмәдениетті және сөркем – эстетикалық тәрбие)	ДТІЖО «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы «Өзін-өзі басқару» ұйымы	30.09 – 04-10
12	«Ата-ана жұмысындағы 1 күн» жұмысы аясында ата-аналар жұмысына саяхат	Ата-аналар жұмысына саяхат (Отбасы тәрбиесі)	Лицей-интернат әкімшілігі Ата-аналармен жұмысқа жауапты маман	Қазан
13	«Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғалар»	Тәрбие сағаттары (Көпмәдениетті және сөркем – эстетикалық тәрбие)	Тәрбиешілер	Қазан
14	«Мейірімі жылытқан ектерді...» атты қарттар күніне орай лицей оқушыларының ата-	Видео құттықтау (Рухани – адамгершілік тәрбие)	Тәрбиешілер	Қазан

	әжелерін мерекелік құттықтауы			
15	Мамандық тандау – басты бағыт!	Кәсіптік бағдар беру сағаты (Еңбек, экономикалық не экологиялық тәрбие)	11-сыныптар Тәрбиешілер	Қазан
16	Кибер қауіпсіздік басты назарда	Сынып сағаттары (Еңбек, экономикалық не экологиялық тәрбие)	Тәрбиешілер	қазан
17	«Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі»	Түсіндірме жұмыстары (Дене тәрбиесі және алауатты өмір салты)	Дәрігер Медбике	қазан
<b>ҚАРАША «ӘДІЛДІК» АЙЫ</b>				
18	«Құндылықтар негізінде білім беру» - басты мәселе	Тәрбие бірлестігінің отырысы (Рухани – адамгершілік тәрбие)	ДТІЖО	Қараша 02.11 – 05.11
19	Мүмкіндігі шектеулі табысты адамдар туралы таныстырылымдар жасау	Тәрбие сағаттары (Рухани – адамгершілік тәрбие)	Тәрбиешілер	7-11.11.
20	«Қоғамға қызмет» жобасы ында «Адамға қуаныш сыйла» ырымдылық акциясын өткізу	Қайырымдылық акциясы (Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие)	«Өзін-өзі басқару» ұйымы Кураторлар	8.11
21	«Тұғыры биік тұлғалар» 100 жана есім жобасы аясында сынып сағаттары	Сынып сағаттары (Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие)	7-11 сыныптар	12.11
22	«Адалдық сағаты» - Оқушылар арасында байлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру	Адалдық сағаты (Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие)	9-11 сыныптар тәрбиешілер	14-18.11
23	«Нашақорлық пен аскүнемдіктің себептері мен салдары»	Пікірталас (Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие)	Дебат клубы мүшелері	15.11
24	«Қыз бала – еркем, кестесімен - көркем»	Аналар мен қыздарының шеберлік сағаты (Отбасы тәрбиесі)	Аналар академиясы тәрбиешілер	Қараша



25	«Әкелердің бөлек екен тұлғасы»	Әкелер кеңесінің отырысы (Отбасы тәрбиесі)	Ата-аналармен сұмысқа жауапты маман	20.11
26	Тәуелсіздік – ата – баба арманы	Кітапхана сағаты (Ұлттық тәрбие)	Кітапханашылар	Қараша
27	«Қазақтың Шарасы». Қыты биші Ш.Жиенқұлованың туғанына 110 жыл	Би үйірмесінің жұмысын ұйымдастыру (Рухани – адамгершілік тәрбие)	Би үйірмесінің жетекшісі	24.11
28	Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, нашақорлықтың, кибербуллингтің алдын алуына түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Сала мамандары мен кездесу (Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие)	ДТІЖО	22-25.11
29	«Ел рәміздерін білеміз бе?» 7-11 сыныптарда сауалнама жүргізу	Сауалнама (Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие)	Тәрбиешілер	22-25.11
30	Трендтегі жаңа заманауи мамандықтар	Презентациялық таныстырылым (Зияткерлік тәрбие)	Кәсіптік бағдар беру маманы 11-сыныптар Кураторлар	Қараша
31	«Салт-дәстүрдің білгірі»	Викториналық сайыс (Зияткерлік тәрбие)	7- сыныптар	Қараша
32	1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне арналған салтанатты жиын	Салтанатты жиын (Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие)	ДТІЖО тәрбиешілер	30.11
<b>ЖЕЛТОҚСАН «ПАТРИОТИЗМ» АЙЫ</b>				
33	«1 – желтоқсан Дүние ілік СПИД – ке қарсы күніне» йланысты «ЖИТС – қауіпті т» атты тақырыпта түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Арнайы мамандармен кездесу (Дене тәрбиесі және алауатты өмір салты)	ДТІЖО, тәрбиешілер, ей-интернат дәрігері	1.12
34	«Елбасы салған сара жол» І.Ә.Назарбаевтың өмірі мен	Зияткерлік сайыс (Зияткерлік тәрбие)	Өзін –өзі басқару ұйымы	Желтоқсан

	метіне байланысты зияткерлік сайыс			
35	«Адалдық пен әдептілік – адамның ең асыл қасиеті» пікірталас	Пікірталас (Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие)	«Адал ұрпақ» ұйымы 10-сыныптар	10.12
36	«Ұлтының ұлы Әуезові» Ұлы жазушы М.Әуезовтің анына 125 жыл толуына орай іс-шара	Әдеби кеш (Рухани – адамгершілік тәрбие)	ДТІЖО Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері «Жас тілші» үйірмесі	12.12
37	«Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» 16-желтоқсан -Тәуелсіздік ке орай салтанатты мерекелік іс-шара «Тәуелсіздік – ғажап-құт, айналайын азаттық!» тәрбие сағаттары, 7-11 сыныптар	Салтанатты жиын Тәрбие сағаттары (Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие)	Әкімшілік ДТІЖО тарих пәні мұғалімдері 7-11 сыныптар	12-16.12
38	Балалар әлеміндегі игі істер» әлеуметтік жобасы аясында «Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек!» мүмкіндігі тектеулі балаларға арналған қайырымдылық акциясы	Қайырымдылық акциясы (Рухани – адамгершілік тәрбие)	7-10 сыныптар Өзін-өзі басқару ұйымы – Оқушылар парламенті	15.12
39	«Мұражайға саяхат»	Музей сағаты (Рухани – адамгершілік тәрбие)	Тарих пәні мұғалімдері Тәрбиешілер	Желтоқсан
40	«Үш кемеңгер дүлдүлім, сақтаған ел бірлігін» Қаз дауысты Қазыбек бидің туғанын 355 жыл	Танымдық сабақ (Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие)	тарих пәнінің мұғалімдері тәрбиешілер	Желтоқсан
41	«Қазақтың 100 әні» жобасы аясында «Мен-патриотпын!» патриоттық әндер байқауы	Патриоттық әндер байқауы (Зияткерлік тәрбие)	7-10 сыныптар «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы	Желтоқсан
42	«Алтын дiңгек – өзім туған босағам...»	Дөңгелек үстел (Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие)	ДТІЖО 9-сыныптар	22.12
43	Жаңа жыл- жаңа өмірдің бастауы	Жаңа жылдық мерекелік кеш	Өзін-өзі басқару ұйымы	24-30.12

		(Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие)		
<b>II ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ</b>				
<b>ҚАҢТАР «ДЕНСАУЛЫҚ» АЙЫ</b>				
44	«Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында «Жықсыз әлем» тақырыбында сынып сағаттары	Сынып сағаттары (Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие)	Тәрбиешілер	Қаңтар
45	<a href="#">Кенесары– қазақ тәуелсіздігінің ұраны!</a>	Кенесары ханның 220 жылдығына орай дөңгелек үстел (Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие)	Тарих пәнінің мұғалімдері Тәрбиешілер	Қаңтар
46	Дені сау ұрпақ – жарқын болашақ	Волейбол, скетболдан лицейшілік турнир (Дене тәрбиесі және алауатты өмір салты)	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері 9-10 сыныптар	11.01
47	Ұлттық ойындар – ұлтымыздың құнды мұрасы	Ұлттық ойындардан сайыс (Дене тәрбиесі және алауатты өмір салты)	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері 7-8 сыныптар	Қаңтар
48	«Толағай» отбасылық сайысы	Отбасылық сайыс (Дене тәрбиесі және алауатты өмір салты)	7-8сыныптар	Қаңтар
49	Мен салауатты өмір салтын таңдаймын!	Мамандармен кездесу (Дене тәрбиесі және алауатты өмір салты)	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Қаңтар
50	«Шахмат – ақыл-ой спорты»	7-8- сынып оқушыларының танымал шахматшыларымен онлайн кездесу (Дене тәрбиесі және алауатты өмір салты)	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Қаңтар
<b>АҚПАН «АДАЛДЫҚ» АЙЫ</b>				
51	Елімнің болашағы-менің қолымда	Тренинг	Психолог 11-сыныптар	Ақпан

		(Рухани – адамгершілік тәрбие)		
52	Лицей –интернат көшбасшысы - 2023	Зияткерлік сайыс (Зияткерлік тәрбие)	тәрбиешілер	7.02
53	«Анашым, сенімен сырласқым келеді...»	Сырласу сағаты (Рухани – адамгершілік тәрбие)	«Сырласу» ұбының жетекшісі	Ақпан
54	Іскерлік қарым-қатынас этикасы	Іскерлік саладағы қобасшы тұлғамен кездесу (Еңбек, экономикалық не экологиялық тәрбие)	ДБОЖО Ш.Бейсенова	Ақпан
55	«Кітаптар әлемінде» айдарында	Сыр-сұхбат (Еңбек, экономикалық не экологиялық тәрбие)	Кітапханашы	Ақпан
56	«Адастырушы діни ағымдар», Дінтану мамандарымен кездесу	Кездесу (Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие)	ДТІЖО дінтану пәні мұғалімі	25.02
57	«Шексіз шәкірт лебізі...» шәкірттердің ұстаздарға алғысы	Алғыс айту күніне арналған іс-шаралар (Рухани – адамгершілік тәрбие)	ДТІЖО Тәрбиешілер	28.02 – 1.03
<b>НАУРЫЗ «АЛҒЫС» АЙЫ</b>				
58	«Сырдың сырлы жырлары»	Сыр өңірінің жас ақындарымен кездесу (Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие)	«Жас тілші» үйірмесі	Наурыз
59	«Лицей-интернат аруы – 2023»	Өнер байқауы (Рухани – адамгершілік тәрбие)	ДТІЖО тәрбиешілер	5.03
60	«Аналар мектебі – қыздарға өнеге»	«Аналар мектебінің» отырысы (Отбасы тәрбиесі)	Жауапты тәрбиеші	наурыз
61	«Әлемнің шуағынан жаралған» 8 наурыз-Халықаралық мерекелер күніне орай мерекелік іс-шара	Мерекелік іс-шара (Ұлттық тәрбие)	ДТІЖО Тәрбие бірлестігі	6.03
62	Дарынды шәкірт – ел болашағы Салтанатты іс-шара	Облыстық, республикалық олимпиадалар	Лицей –интернат әкімшілігі ДТІЖО Қосымша білім беру педагогы	Наурыз

		дың жүздегерлерін рапаттау салтанатты іс- шарасы (Зияткерлік тәрбие)		
63		Байқау (Зияткерлік тәрбие)	«Шаңырақ» оқушылар ымдастығы, тәрбие лестігінің жетекшісі	15.03 – 17.03
64	«Нұр жауғызған әз-Наурыз!»	Мерекелік шара (Ұлттық тәрбие)	ДТІЖО тәрбиешілер	наурыз
65	«Қауіпсіз интернет» апталығын өткізу	Апталық іс-шаралар (Еңбек, экономикалық не экологиялық тәрбие)	Сурет үйірмесі	17.03
66	«Қазақтың ұлттық ойындары – ұлттың көрінісі»	Сайыс Ұйымдастыру (Дене тәрбиесі және алауатты өмір салты)	Дене шынықтыру өнінің мұғалімдері	20-22.03
67	«Наурыз поштасы»	Тәрбиелік шара (Ұлттық тәрбие)	«Шаңырақ » оқушылар қауымдастығы	22.03 – 31.03
<b>СӘУІР «КІШПЕЙІЛДІК» АЙЫ</b>				
68	Құқықтық сана – қауымға пана Құқықтық түсіндірме сағаты	Бірлескен кездесу (Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие)	ДТІЖО тәрбиешілер	14.04
69	«Табиғатым – тал бесігім»	Ауланы көгалдандыру шарасы (Отбасы тәрбиесі)	Тәрбиешілер 7-11 сыныптар	Сәуір
70	«Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктері» Ұмыт болған ежелгі ұлттық тағамдарды оқушыларға таныстыру	Таныстырылым сағаты (Ұлттық тәрбие)	Тәрбиешілер	Сәуір
71	«Әкем үйреткен...» челлендж	Челлендж (Рухани – адамгершілік тәрбие)	9-10 сынып	Сәуір
72	«Таза қала» акциясы «Жасыл ел – жасыл қала» Оқушылардың ауланы көгалдандыру жұмыстарына қатысуы	Оқушылардың ауланы көгалдандыру жұмыстарына қатысуы (Дене тәрбиесі және алауатты өмір салты)	ДТІЖО тәрбиешілер	Сәуір

73	Ғажайыптар алаңы	Қолөнер көрмесі (Ұлттық тәрбие)	ДТІЖО	Сәуір
74	«Домбыра күні»	Музыкалық іс-шара (Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие)	Домбыра үйірмесі	Сәуір
75	23 сәуір – дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні «Кітап – алтын қазына» дей-интернат кітапханасында дөңгелек үстел өткізу	Дөңгелек үстел (Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие)	Кітапханашы	Сәуір
76	«Бірлігі бекем, іргесі берік ел»	1 мамыр- Қазақстан ықтарының бірлігі күні мерекесіне іс-шара (Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие)	ДТІЖО тәрбиешілер	30.04
<b>МАМЫР «ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ» АЙЫ</b>				
77	Ұлы Отан соғысының 78 лдық мерекесіне байланысты «Ұлы Жеңіс жаңғырығы» тақырыбында апталық іс- шаралар өткізу	Іс-шаралар (Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие)	ДТІЖО, тарих пәні мұғалімдері, тәрбиешілер	2-8.05
78	«Қазақстанның 100 жаңа іі» жобасының жеңімпазымен кездесу ұйымдастыру	Кездесу (Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие)	ДТІЖО тәрбие бірлестігі	Мамыр
79	«Ұшқыр ой алаңы» - дебат ойындарын өткізу	Дебат (Зияткерлік тәрбие)	Дебат клубының жеткшісі	Мамыр
80	«Мектеп театры » артушылық жобасы аясында театрға бару	Театрмен байланыс жасау Спектакльге бару (Рухани – адамгершілік тәрбие)	Тәрбиешілер	Мамыр
81	«Кітап – қымбат қазына»	Сұхбат жүргізу (Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие)	Кітапханашы	Мамыр
82	«Сыңғырла, соңғы қоңырау»	Салтанатты жиын (Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие)	Лицей әкімшілігі 11-сыныптар	25.05

**ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ**  
**2022 – 2023 ОҚУ ЖЫЛЫ**

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылатын болады:

- ✚ Қыркүйек «Жауапкершілік» айы
- ✚ Қазан «Құрмет» айы
- ✚ Қараша «Әділдік» айы
- ✚ Желтоқсан «Патриотизм» айы
- ✚ Қаңтар «Денсаулық» айы
- ✚ Ақпан «Адалдық» айы
- ✚ Наурыз «Алғыс» айы
- ✚ Сәуір «Кішіпейілдік» айы
- ✚ Мамыр «Ынтымақтастық» айы

### «ЖАУАПКЕРШІЛІК» АЙЫНЫҢ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС:

1 қыркүйек күні 7-11-сыныптар аралығында «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиеттер» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.

Мектеп-лицей-интернат оқушыларының әлеуметтік картасы жасалынды.



ҚР мемлекеттік рәміздеріне 30 жылдығы қарсаңында 10 - сыныптар аралығында «Мен өз туымды мақтан етемін!» бейнеролик түсірілді. Бейнероликтің мақсаты: оқушыларды аса маңызды мемлекеттік белгілер – рәміздермен жан-жақты таныстыру, ұлттық рәміздердің әрбір бөлшектеріне қысқаша шолу жасау. Отанды сүйуге, рәміздерді құрметтеуге үйрету, өз Отанының патриоты етіп тәрбиелеу.



Тілдер күніне арналған «Тілдер күні – бірлігіміздің жарқын көрінісі» атты іс-шара ұйымдастырылды.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысын ұйымдастыруда 7-11 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары өткізілді.

«Отбасы күніне» орай «Отбасы – орта мектеп» тақырыбында семинар өткізілді.

«Бала тәрбиесі – бесіктен» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде қаралған мәселелер: 1. Ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлау, 2. Жалпы мектептік ата – аналар комитетінің жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру, 3. «Бала тәрбиесі – бесіктен» тақырыбында тренинг өткізілді. Ата-аналар комитеттері сайланып, мектепшілік аналар мектебі, әкелер мектебі, әжелер мектебі құрылды.

15 қыркүйек – Отбасы күніне орай «Отбасым – бақыт мекенім» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырылды.

7 «а» сыныбында 6 қыркүйек күні «Біз біргеміз!» тақырыбында спорттық сайыс өткізілді.

7 «ә» сыныбында 7 қыркүйек күні «Ата-анамның қолдауы, арманымның орындалуы» тақырыбында эссе байқауы өткізілді.





7-8 сыныптар аралығында «Менің бақытты отбасым» тақырыбында фото-коллаж сайысы өткізілді.



9 «а» сыныбында 9 қыркүйек күні «Ата-анамның кәсібі – өмірлік бағдарым» тақырыбында ата-ананың жұмыс орнына саяхат өткізілді.




9 «ә» сыныбында 9 қыркүйек күні «Анам үйреткен бәліш» тақырыбында шеберлік сағаты өткізілді. Мақсаты: Қыз балаларға анасының өнегесін насихаттау, балаларды дұрыс тамақтануға үйрету, мектеп пен ата-анасының ынтымақтастығын қалыптастыру.



9 «б» сыныбында 7 қыркүйек күні «Әкем үйреткен» тақырыбында өнеге сағаты өткізілді. Мақсаты: Ер балаларға әкенің өнегесін насихаттау, мектеп пен ата-анасының ынтымақтастығын қалыптастыру.



10 «а» сыныбында «Дара жол» тақырыбында ардагерлермен кездесу өткізілді.



10 «ә» сыныбында «Ата-ананың ақылы қазулы қара жолмен тең» тақырыбында ойын саяхат өткізілді.



«Ертеңінді ойласаң – есірткіге жолама» тақырыбында 10-11 сыныптар аралығында эссе жазылды. Мақсаты: Оқушыларды зиянды әдеттерден бойларын аулақ ұстауға, нашақорлықтан сақтануға тәрбиелеу.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=810983163975272&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=810983163975272&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E)



### «ҚҰРМЕТ» АЙЫНЫ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС:

1 қазан- қарттар күніне орай «Қарты бар елдің қазынасы бар» атты Қызылорда облыстық «Қарттар үйіне» мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі



маңызды саланың бірі- оларды сыйластыққа, ізеттілікке баулу, үлкендер мен қарт адамдарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Мектебімізде «Ұстаздарға мың алғыс!» атты ұстаздар күнін мерекелеу салтанаты жиын іс-шаралар өткізілді. Шараның мақсаты: Ұстаздарды мадақтау. Ұстазбен өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. Іс-шара барысында ардагер ұстаздарды құттықтау және мұғалімдерді марапатауға ұласты. Оқушылар «Үнді биі» биін мың бұрала билеп, «Сырлы саз» үйірмесінің домбырашылар шеруі әсем күйлерін арнады. Іс-шараның аяқталуы «Ұстазым» әні хорымен аяқталды Ұстаздар қауымына гүл шоқтары табысталып, естелік суретке түсті.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=670020898071500&id=100051907861995&mibextid=CTb](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=670020898071500&id=100051907861995&mibextid=CTb)

P7E



9 «а» сыныбының оқушылары 27 қазан күні «Ата-ана жұмысындағы 1 күн» жобасы аясында ата-аналар жұмысына саяхат жасады. Кәсіп таңдау – адам өміріндегі аса маңызды шешімдердің бірі. Белгілі бір кәсіпке деген құлшыныс пен икем, кәсіби тұрғыда даму – адам өмірінің бала кезінен бастау алатын аса маңызды үдеріс. Пікіралысу барысында әр оқушы түрліше жауап алып оқушыларды еңбексүйгіштікке және өз ісіне жауапкершілікпен қарауға шақырды. Оқушылар ата-ананың бағыт-бағдары мен ақыл-кеңестерін тыңдап, өнегелі саяхат сабағы жүргізілді.



7-10 сыныптар арасында «Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғалар» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды ұлт тарихын оқи отырып, ондағы ұлы тұлғалар бейнесін оқып үйрену арқылы ұлы тұлғаларымыздың тарихтағы алар орнын ұғындырып, білімге құштарлығын арттыру арқылы білімге құштарлығын шыңдау. «Тұлғаларға көзқарас» - іріктеу кезеңінде автордың берген сипаттамасы қай тарихи тұлғаға бағытталғанын табуы тиіс екендігін анықтады.



11- сыныптар арасында «Мамандық таңдау – басты бағыт!» тақырыбында кәсіптік бағдар беру сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдау, олардың негізгі түрлері, классификациялық белгілері, мамандықтар тобы, кластары, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта - ықыласын арттыру.



Тәрбиеші оқушылармен «Біз де» ойыны қызықты өткізілді. Қайырымдылықты білдіретін және оған керісінше әрекеттерді атайды. Қайырымдылықты білдіретін әрекеттер айтылғанда балалар «біз де» деп жауап береді.: "Психогеометрия"- өзін- өзі тану үшін психологиялық сәт талдау жүргізілді. Оқушылар өзіне ұнаған геометриялық фигуралардың кез келгенін таңдады. Әр фигура қандай да бір адам бойындағы қасиетті, қабілетті білдіреді. Әрқайсысымыз өзімізді тануға мүмкіндік берді. Оқушылар сабақ барысында сабақтың тыс ойындар, ән, би жарыстарына қатысып, алдағы тестілеуге деген сенімділіктерін арттыруға септігін тигізді. Түрлі сұранысқа ие мамандықтар жайлы жаңа ақпарат берілді.

7-10 сыныптар арасында «Кибер қауіпсіздік басты назарда» сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың әлеуметтік желілердегі, сайттардағы қауіпсіздік шаралары туралы толық ой қалыптастыру. Кибер қауіпсіздік ұғымына мәліметтер алды. Интернеттегі қауіпсіздік шараларымен танысты. Интернетті талғамды түрде қарау немесе қарамау, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдай білу және де өзгелердің «еркіндігіне» әсер ететін жағдайларда, өз «еркіндігінді» шектей білу. Өздерің талқыға салғандай жағымды, жағымсыз жақтарын талқылады.

Мектеп дәрігері мен медбикесінің қатысуымен «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша дәрігер сөз алып, оқушыларды тамақтану ережесімен таныстырды. Артық салмақтың пайда болу себептері және алдын- алу жөнінде мәліметтер берілді. Дұрыс тамақтанбаудың кері әсері айтылды. Дұрыс тамақтану жайлы қажетті кеңестер беріліп, денсаулықты жақсарту жолдары айтылды. Оқушылар өзара дәрумендердің қандай тағамдарда кездесетіні жайлы ақпараттармен бөлісті.

Сабақтар барысында өзгелерге құрметпен қаруды үйрену үшін, алдымен әр адамның бойынан тек жақсы жағын көре білуге үйренді. Құрмет айында атқарылған жұмыстар негізінде оқушылар бір - біріне сүйіспеншілік пен қайырымдылықпен қарайтын болсаңыз, есесіне одан да көп махаббат пен қуанышқа кенелетінін ұғынды.

### **«ӘДІЛДІК» АЙЫНЫҢ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС:**

2 қараша күні «Құндылықтар негізінде білім беру – басты мәселе» тақырыбында тәрбие кеңесінің отырысы өтті.

7 – 10 - сынып тәрбиешілері «Мүмкіндігі шектеулі табысты адамдар» туралы таныстырылым жасалды.





«Қоғамға қызмет» жобасы аясында 8 қараша күні «Адамға қуаныш сыйла» тақырыбында қайырымдылық акциясы өткізілді.



«100 жаңа есім жобасы» аясында 12 қараша күні «Тұғыры биік тұлғалар» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.



Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Адалдық сағаты» өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/GNb6LEyxy2ugecZ/?mibextid=CTbP7E>



«Әкелердің бөлек екен тұлғасы» тақырыбында әкелер кеңесінің отырысы өтті.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=703355661404690&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=703355661404690&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E)



«Трендтегі жаңа заманауи мамандықтар» тақырынбында 23 қараша күні 11-сыныптарға слайдты таныстырылым өткізілді.




«Салт дәстүрдің білгірі» тақырыбында 24 қараша күні 7-сыныптар аралығында викториналық сайыс өткізілді.



25 қазан-Республика күні

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=680569573683299&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=680569573683299&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E)



«Мақтанышым сенсің Туған ел!» тақырыбында сабақтар жүргізілді.



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=683082630098660&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=683082630098660&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E)



### «ПАТРИОТИЗМ» АЙЫНЫ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС:

«1 – желтоқсан Дүние жүзілік СПИД – ке қарсы күніне» байланысты Мектеп дәрігері мен медбикесінің қатысуымен «ЖИТС – қауіпті дерт» атты тақырыпта түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі СПИД дертінің алдын алу, оның жұғу жолдарын, одан сақтану, қорғана білу туралы түсіндіру, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. Шара барысында оқушыларға бейне ролик көрсетілді. СПИД-тің кең етек алуы. Оның шығу тарихы жөнінде бейнероликтен оқушылар өз ойларын ортаға салды. АКТҚ-ЖҚТБ дегеніміз не? – деген сауалдың аясында дәрігерлер тәрбиеленушілермен сұхбат алмасып, мәлімет берді. СПИД ауруының адам өмірі үшін қатерлі, жұқпалы екенін және одан сақтану жолдары туралы слайдты таныстырылым жасады. Сонымен қатар, денсаулықты күтуге, дұрыс тамақтануға, салауатты өмір салтын жақсарту жолдарын түсіндірді.

«Елбасы салған сара жол» Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметіне байланысты зияткерлік сайыс өткізілді. Тәрбие сағаттың барысында қазақ халқының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып - өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат берілді. Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімдерді тәрбиеленушілердің бойына сіңірді. Шәкірт жүрегінде елбасына деген сүйіспеншілік сезімін оятты.

«Адалдық пен әдептілік – адамның ең асыл қасиеті» тақырыбында 10 сынып оқушылар арасында А.Жиенбаева мен Б.Молдаходжаева пікірталас өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға адалдық пен шындықтың адами қарым – қатынастағы мәнін түсіндіру. Оқушылардың бойына рухани адамгершілік, шыншылдықты ұялату, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.



Ұлы жазушы М.Әуезовтің туғанынан 125 жыл толуына орай «Ұлтының ұлы Әуезові» атты әдеби кеш ұйымдастырды. Әдеби кештің мақсаты: Мұхтар Әуезовтің өмір жолы мен жазушылық қызметінен, шығармашылығынан мағлұмат беру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімдерін жүйелеу. Оқушылардың өзіндік ізденіс жұмыстарына баулу, ой-өрісін, рухани жан дүниесін байыту. Ойын ашық білдіру, еркін сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Әлем таныған Әуезовтың ұлылығын дәріптеу. Қазақ елінің мақтанышына айналған заңғар жазушыны құрметтеуге, оқушыларды елін сүйуге, әдебиетті білуге тәрбиелеу. Әдеби кеште Жазушыға талай ақындар жүрек жарды сүйікті жырларын арнаған. Қатысушы оқушылар Қасым Аманжоловтың «Мұхтар аға!», Сырбай Мәуленовтің «Мұқаңа», Расул Ғамзатовтың «Мұхтар аға», Әбдіраштың Жарасқанының «Тарих заңы», Мұхтар Шахановтың «Менің есімімді неге Мұхтар қойған?» тақырыбында арнаулар оқыды.


Көрермендерге Әуезовтің шығармашылығын насихаттайтын слайд таныстырылды. «Көксерек» кинофильмінен үзінді көрсетіліп, М.Әуезовтің жанды даусы тыңдалып, тыңдаушылар ерекше әсерге бөленді. «Естеліктер сыр шертеді» тақырыбында М.Әуезовтің мұражай үйі тамашаланды. Шара барысында «М.Әуезов - Ұлылық үлгісі», «М.Әуезов - Ұлт мақтанышы», «М.Әуезов – әлем әдебиеті мойындаған тұлға» атты бір үзік сыр оқылып, М.Әуезовтің шығармашылығы жайлы пікірлер тыңдалды.

16 – желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай 7 – 11 сыныптар арасында «Тәуелсіздік – ғажап – құт, айналайын азаттық!» тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаттардың мақсаты бойынша «Тәуелсіздік» ұғымының терең мағынасын түсінді. Елжандылық көзқарастарын қалыптастырды. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікті сезінді. Жеке, жұптық, топтық жұмыс барысында өзара сыйластықты, жауапкершілікті сезінуді, сыни ойлауды үйренді.

[https://www.facebook.com/share/p\\_\\_\\_\\_\\_/3ZnWJoWchyu4wkfm/?mibextid=CTbP7E](https://www.facebook.com/share/p_____/3ZnWJoWchyu4wkfm/?mibextid=CTbP7E) [https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=754656259607963&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=754656259607963&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E)



9 «ә» сыныбында «Қаз дауысты Қазыбек бидің туғанына 355 жыл» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. Тәрбие сағаттың барысында оқушыларға шешендік өнер туралы мағұлматтарын тереңдетіп, оның жан – жақты тарихи екенін көрсетті. Оқушылардың танымдық ой – өрісін кеңейту сөздік қорларын молайтты. Мақал – мәтелдермен жұмыс жасады. «Бес саусақ» әдісі арқылы оқушылар тәрбие сағатынан түйген ойларын ортаға салды. Сабақ барысында өзгелерге құрметпен қаруды үйрену үшін, алдымен әр адамның бойынан тек жақсы жағын көре білуге үйренді.



7-8 сыныптар және 9-11 сынып арасында «Жаңа жыл- жаңа өмірдің бастауы» атты жаңа жылдық мерекелік кеші өткізілді. Мерекелік кеште әлемдегі қуанышқа толы ең ғажайып мерекелердің



бірі екендігі және жаңа жыл сиқырлы, әрі қайталанбас таңғажайып мерекені тойлады. Бәрімізге келе жатқан жаңа жылдан жарқын ертегі, жаңа бақыт екендігін сезінді.



### «ДЕНСАУЛЫҚ» АЙЫНДАҒЫ ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС:

Ә.Қожахметова қаңтар айының 10-ы күні «Қоқыссыз әлем» тақырыбында 8 «А» сыныбына танымдық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, экологиялық білімді қалыптастыру, туған жер табиғатты қорғауға баулу.



А.Серікбай қаңтар айының 10-ы күні «Қоқыссыз әлем» тақырыбында 7 «А» сынып арасында танымдық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Табиғатты қорғау, сақтау қажеттігі туралы ой, ынта туғызу. Туған жер табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру. Табиғаттың тозуы-экологиялық дағдарыс екенін түсіндіру.



А.Жиенбаева мен Б.Молдахожеева қаңтар айының 10 күні «Қоқыссыз әлем» тақырыбында 10 «А,Ә» сыныптар арасында дәріс сабағын өткізген. Сабақтың мақсаты: Табиғаттың тозуы-экологиялық дағдарыс екенін түсіндіру. Экологиялық тәрбие беру. Туған ел, туған жер деген сүйіспеншілігін ояту.



Дене шынықтыру пән мұғалімі Ж.Сақтағанов қаңтар айының 10-ы күні «Шахмат –ақыл-ой спорты» тақырыбында 7-8 сынып арасында шахмат ойнау челленджін өткізді. Челлендж мақсаты: Білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту. Білім алушылардың шахмат ойнауға қызығушылығын қалыптастыру. Білім алушылардың сыни және логикалық ойлауын дамыту. Челлендж қатысушылары арасында қарым-қатынасты жақсарту. Еліміздегі білім алушылар арасында шахмат ойынын кеңінен насихаттау.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=793836039023318&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=793836039023318&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E)



Дене шынықтыру пән мұғалімі Б.Тоғызбаев қаңтар айының 18-і күні «Мен салауатты өмір салтын таңдаймын» тақырыбында тәрбие сағатын өткізген. Сабақтың мақсаты: Оқушыларды ізденімпаздыққа, белсенділікке, қосымша материалдарды пайдалануға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту және есте сақтау қабілетін арттыру, ізгілікке, имандылыққа, адамгершілікке, қоғамдағы жат қылықтардан аулақ болуға, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

А.Жиенбаева мен Б.Молдахожаяева қаңтар айының 24-і күні «Дені сау ұрпақ-жарқын болашақ» тақырыбында 10 «А,Ә» сыныптар арасында спорттық сайыс өткізді. Сайыстың мақсаты: Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін, дені сау ұрпақ ертеңгі елдің болашағы екендігін түсіндіру. Спорт денсаулық кепілі екенін түсіндіру.

Ж.Қабат қаңтар айының 24-і күні «Дені сау ұрпақ-жарқын болашақ» тақырыбында 9 «Б» сынып арасында волейбол ойының өткізді. Ойынның мақсаты: Оқушылар арасындағы ынтымақтастықты арттыру, оқушыларды волейбол ойынына қызуғышылығын арттыру. Оқушыларға волейбол туралы түсінік беру ауызбіршілікке тәрбиелеу. Ептілікке, күштілікке икемділікке баулу, ақыл-ойын, ой-өрісін дамыту, денешынықтырумен шұғылдануға өз беттерінше жаттығуға тәрбиелеу, оқушылардың танымдылық белсенділігін арттыру, ойлау әрекетін дамыту.


[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=802760551464200&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=802760551464200&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E)



Н.Бекзулда қаңтар айының 25-і күні «Кенесары – қазақтың соңғы ханы» тақырыбында 9 «Ә» сынып арасында танымдық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Кенесары Қасымұлы бастаған 1837-1847 жылғы ұлт –азаттық қозғалыстың себеп-салдары, қозғаушы күші, нәтижесі, тарихи маңызына түсінік беру. Оқушыларды Кенесары көтерілісінің маңызын аша отырып, басқа да ұлт-азаттық көтерілістермен салыстыра алу, оқулықты пайдаланып кесте, тірек-сызба жасау және өз ойларын дәйектерге сүйене отырып жеткізе білу қабілеттерін дамыту.Сабақтың қорытындысы: Кенесарының саяси мұрасы халық жадында оның ар-намысы, мақтанышы мен қадір-қасиеті ретінде сақталған.Кенесарының мұрасы оның жеке тағдыры сияқты әр түрлі жағдайларға тап болды. Олар шабыттандырды, бірақ олар оны жадынан, ар-ожданынан, халықтың санасынан шығаруға тырысты. Халықтың ерік-жігерін, оның ақыл-ойы мен этникалық топтың тағдырына қатысудың қарапайым сезімін басу инерциясының қалдықтары әлі де байқалады.



А.Смадулла қаңтар айының 25-і күні «Толағай» отбасылық сайысың 7 - сыныптар арасында өткізді. Сайыстың мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір сүре білуге шақыру салауатты өмір салтын қалыптастыру. Күш, жылдамдық, ептілік қасиеттерін дамыту.Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, достық пен ынтымақшылыққа, инабаттылыққа баулу.



### **«АДАЛДЫҚ» АЙЫНЫҢ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС:**

9 ақпан күні 11 «а,ә»-сынып тәрбиешілері Абдикасова мен Омарова Г «Елімнің болашағы – менің қолымда» - тақырыбында тренинг сағатын өткізді. Сабақтың мақсаты: Адам баласының ортақ қазынасы білімге терең бойлап, әлемді таң қалдыратындай бәсекеге көтерілу үшін,күресуге тәрбиелеу. Оқушылардың болашақ мамандығын айқын да сенімді таңдауына бағыт көрсету. Нәтижесінде: Қазақстанның дамуына үлес қосу үшін күресетін тұлға қалыптасады.





7-9 – сынып оқушылары арасында 7 ақпан күні «Лицей – интернат көшбасшысы – 2023» тақырыбында зияткерлік сайыс сабақ өткізілді. Мақсаты : Өркениетті қоғамда тіл адамзаттың баға жетпес құндылығы деп саналады. Бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Сайысты қорытындылап, жеңімпаз топтарды марапаттады.



25 ақпан күні «Адастырушы діни ағымдар» тақырыбында дін басқармасының өкілдерімен кездесу ұйымдастырылған. ДТЖО: С.Жүсупова сөз алып 2022 – 2023 оқу жылында адалдық айының тәрбие бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар таныстырылым жасалып, дін мәселесін зерттеу орталығының мамандарымен кездесу өткізілген. Дін мәселесінің өзекті мәселе екендігін бұрынғы заманғы дінмен қазіргі діннің айырмашылығының жермен көктей екендігі жөнінде айтылып, діннің бірнеше салаға бөлінетіндігіне тоқталып өткен. Кездесу барысында қазіргі қоғамдағы діни ұйымдар, секталар, түрлі ағымдар жайында айтылған. Дін мәселелерін зерттеу орталығының мамандарымен кездесу барысында білім алушыларға діннің мәні, тарихы және оның қазіргі қоғамдағы рөлі жөнінде жүйелі мәліметтер берілген.

28 ақпан айы мен 1 наурыз аралығында «Шексіз шәкірт лебізі.....» тақырыбында алғыс айту күніне арналған іс – шаралар ұйымдастырылды. Балалардың «Алғыс айту парызым» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру; үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту; әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу болып табылады. Сынып оқушылары мектептің ұстаздарын шақырып, алғыс күніне орай ұйымдастырылып отырған шағын мерекелік құттықтауларын айтып, ізгі ниеттерін білдірді. Арнайы дайындалған алғыс хаты мен тәттілерін ұсынды. Ұстаздар өздерінің ізгі ниеттерін білдірді. Осындай қиын кезеңде бізді ұмытпай алғыс білдіріп, жақсы көңіл – күй сылағандарына рахмет деп, алғыстарын білдірді. Оқушылар өздерінің ізгі ниеттерін айтып, шарларын ұстаздарға ұсынды.



### «АЛҒЫС» АЙЫНЫҢ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС:

1- наурыз «Алғыс айту» мерекесіне орай мектеп-лицей-интернат қызметкерлеріне мен оқушыларына арнайы тосын сый жасалынды. Сонымен қатар, түрлі форматта атап айтқанда челлендж, плакаттар, құпия хат, кофе-брейк жұмыстары ұйымдастырылып, оқушылар өз алғыстарын білдірді.



«Өзім пісірген ас тәтті» атты шеберлік сағатын 9 «Ә» - сыныбында ата-анамен бірге өткізді. Мақсаты: Қыз балаларға анасының өнегесін насихаттау, балаларды дұрыс тамақтануға үйрету, мектеп пен ата-анасының ынтымақтастығын қалыптастыру.



«Ризашылық-мейірімділік пен ізгілік» (кішіпейілділік күні) деп ұйымдастырылды. мектеп-лицей –интернат оқушылары аталмыш күні мектеп-тех қызметкерлеріне өз көмектерін берді. Үлкен сыныптар құрмет көрсетіп, кіші сыныптармен бос уақытта тренингтер, көңілді үзіліс ұйымдастырды.

«Тиімді әдіс -тәсілдер, сапалы тәрбие кепілі» (жауапкершілік күні) қарастырдық. 7-11 сыныптар арасында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=771852184555037&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=771852184555037&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E)

Атап айтқанда 7 «А» сыныбында «Өмір құндылықтары» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың өмір құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту .



8 «А» сыныбында «Достық – таусылмас қазына» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: Тақырыпты өмірмен байланыстыра отырып, мазмұнын ашу. Достық туралы білім деңгейін кеңейту, нағыз досты тани білуге үйрету. оқушылардың өзіндік ойларын еркін жеткізе білуге, досты қадірлеуге және тіл байлықтарын, түсініктерін қалыптастыруға тәрбиелеу.



8 «Ә» сыныбында «Жақсы көңіл күй жан азығы» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушылардың эмиционалды көңіл күйлерін көтреу, өздеріне құрметпен өарау, топтасып жұмыс жасау жүйесін дамыту, оқушылар бір –бірімен сыйластық қарым-қатынас нығайтуға тәрбиелеу.



9 «А» сыныбында «Қолөнер –еңбектің қайнар көзі» тақырыбындағы шеберлік сағаты өткізілді. Мақсаты: Берілген тапсырма бойынша оқушының ақыл ойын, қиялын дамыту. Шеберлік сағаты барысында оқушыларға слайдты таныстырылым жасады. Қазақ қолөнері түрлері ұлттық бұйымдар, ұлттық киім үлгілері, ұлттық ою, кесте өнері жайлы ақпараттар берілді.





9 «Ә» сыныбында «Мамандық таңдау - ертеңді ойлау» сайыс сабақ өткізілді.



9 «Б» сыныбында «Бірлігі жарасқан – дарынды шәкірт!» тақырыбында интеллектуалды сайыс сабақ өткізілді.



10 «А» сыныбында «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» тақырыбындағы Мақсаты: Баланың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату, жақсы – жаман ажырата білуге, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, имандылыққа, шыншылдыққа мейірімділікке тәрбиелеу.



10 «Ә» сыныбында «Ұшқыр ой алаңы» тақырыбында сайыс сабақ өтті. Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау. Топпен қарым - қатынас арқылы бір шешімге келе алуға, өз ойын ортаға салуға және ұйымшылдықты нығайтуға тәрбиелеу.



11 «А» сыныбында «Арман мақсаттарымыздың суретшісі» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың мақсаттары жайында білу, жақсы ниетпен армандай білуіне және оған қол жеткізуге ұмтылуына ықпал ету, өмірге деген көзқарасын дамыту. Нәтижесінде, Өзінің қабілетін, бейімін тани білуге, мамандыққа сай қызығушылығын бағыттауға үйрету, таңдаған мамандықтарына бағыт беру.



11 «Ә» сыныбында «Жетістікке бірге жетейік» тақырыбында тренинг өтті. Мақсаты: Оқушыларға жақсы көңіл күй сыйлау; Бір-бірін бағалауға, сыйлауға ынталандыру; топтың бір-біріне деген қарым-қатынасын нығайту.



«Әлемді жүрегімен әлдилеген» (құрмет күні) тақырыбында аналар күніне орай «Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталады» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік шара таңғы 8.00 мектеп-интернат фойелерінен оқушылардың құттықтауымен басталды. Мектеп-интернат ер азаматтары және 7-11 сынып оқушылары барлық қызметкерлерді және қыз балаларды, аналарды 8-наурыз мерекесімен құттықтады. Сонымен қатар мектеп-интернат акт залында концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, марапатқа ұласты.



«Мәдениет және өнер құндылықтары» (шығармашылық күні) аясында «Дарынды оқушы, талантты ұстаз» сайыс өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау. Ұстазбен оқушы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.





«Құндылық - тәрбиенің негізгі өзегі» тақырыбында мектеп-интернат акт залында апталықтың жабылуы ұйымдастырылды, сонымен қатар, Мисс Дарын-2023 байқауы өткізілді.



7-10 сынып оқушылары қыздары қатысты. «Құндылық- асыл мұра» тақырыбы аясында жүргізілген жұмыстардың есебі экраннан көрсетіліп, оқушыларға шашу шашылып, сұрақтар қойылды.

14 наурыз – Көрісу мейрамы өткізілді.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=)

778738463866409&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E



Наурыз мейрамы ұлттық челленджі ұйымдастырылды.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=)

780203067053282&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E



Ұлыстың Ұлы күні 22 наурыз мерекесіне орай «Наурыз-думан ұлттық жаңғырумен» тақырыбында мерекелік шара өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/58q8zJdoX3DADwjp/?mibextid=CTbP7E>



### «КІШПЕЙІЛДІЛІК» АЙЫНЫҢ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС:

14 сәуір күні «Құқықтық сана –қауымға пана» тақырыбында құқықтық түсіндірме сағаты өткізілді

«Отбасы тәрбиесі» жобасы аясында 11– сыныптар аралығында «Табиғатым -тал бесігім» тақырыбында ауланы көгалдандыру шарасы жүргізілді.



«Ұлттық тәрбие» жобасы аясында 13 сәуір күні «Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктері» тақырыбында таныстырылым сағаты өткізілді.



«Рухани –адамгершілік тәрбие» жобасы аясында 9-10 сыныптар аралығында 24 сәуір күні «Әкем үйреткен....» челлендж өткізілді.




«Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты» жобасы аясында 8-9 сыныптар аралығында «Таза қала» акциясы «Жасыл ел-жасыл қала» тақырыбында оқушылармен ауланы көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/XUcMTjjmEuMQauvB/?mibextid=CTbP7E>



«Ұлттық тәрбие» жобасы аясында 7 –сыныптар аралығында «Ғажайыптар алаңы» тақырыбында қолөнер көрмесі болып өтті.



### **ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ» АЙЫНЫҢ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС:**

« Бірлігіміз жарасқан құттықтау» челленджі ұйымдастырылды.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=)

801940154879573&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E



«Ынтымақты елдің ырысы мол» тақырыбында 7-11-сыныптар арасында танымдық сабақ өткізілді.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=)

802494688157453&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E



Ұлы Отан соғысының 78 жылдық мерекесіне байланысты «Ұлы Жеңіс жаңғырығы» тақырыбында апталық іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ: 7 «а» - сыныбында «Ардагерлерді

ардақтайық!» тақырыбында челлендж ұйымдастырды. 4 мамыр күні 8 «а» - сыныбында «Ерлік даңқы ешқашан өшпейді» тақырыбында музейге саяхат жасады. 5 мамыр күні 7 «ә» - сыныбында «Ұлы жеңіс жаңғырығы» тақырыбында танымдық сабақ, 9 «ә» - сыныбында «Ұлы жеңіс жаңғырығы» тақырыбында танымдық сабақ, 10 – сыныптар арасында «Ұлы жеңіс жаңғырығы» тақырыбында пікіралысу сабағы, 9 «а» - сыныбында «Ұлы жеңіс жаңғырығы» тақырыбында топтық сайыс, 9 «б» - сыныбында «Желбіре, жеңіс жалауы!» тақырыбында танымдық сабақ жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/pwVDHbSiWbKMrRne/?mibextid=CTbP7E>



«Мектеп театры» ағартушылық жобасы аясында «Театр – өмір, байрақ бақытым» тақырыбында театр әлеміне саяхат жасады. Оқушылар театр өмірімен танысты.



«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы аясында Ағаштан түйін түйген Шайхы-Ислам Мағауияұлының өмірімен, түрлі жасалған өнерлерімен танысты.

«Ұшқыр ой алаңы» тақырыбында 10 «а» - сыныбында дебат өткізілді. Оқушылардың білімдерін, жинақтап, қызығушылықтарын арттырып, белсенділіктерін арттырып, топпен жұмыс жасап отырып, өзгенің пікірін құрметтеуге, ұйымшылдыққа баулыды.





«Денсаулығын өз қолында» тақырыбында 7-10- сыныптар аралығында мамандармен кездесу шарасы ұйымдастырылды.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=813527733720815&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=813527733720815&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E)



«Террористік акт қауіпі кезіндегі жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=819310363142552&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=819310363142552&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E)



«Сәт сапар саған, жас түлек» тақырыбында соңғы қоңырау өткізілді.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=824081069332148&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=824081069332148&id=100051907861995&mibextid=CTbP7E)



**«АДАЛ ҰРПАҚ» ЕРІКТІ МЕКТЕП КЛУБЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН  
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

	<b>ӨТКІЗІЛЕТІН ІС -ШАРАЛАР</b>	<b>РЗІМІ</b>	<b>ФОРМАСЫ</b>	<b>ІНШІ</b>	<b>ЖАУАПТЫ</b>
	Транспарентті және есеп беретін мемлекет	Қазан	Танымдық сабақ	7 «а»	А.Серікбай
	Жемқорлықпен күресу-басты міндетіміз	Желтоқсан	Танымдық сағат		
	Қоғам дерті-жемқорлық	Ақпан	Дөңгелек үстел		
	Жемқорлыққа жол жоқ!	Сәуір	Сайыс сабақ		
	«Адал ұрпақ мәңгілік елдің кепілі»	Қазан	Танымдық сабақ	7 «ә»	Ұ Жылкелдиева
	Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз	Желтоқсан	Сурет сайысы		
	Адалдық пен әділдік	Наурыз	Шығармалар байқауы		
	Қоғамдық тәртіп негіздері	Мамыр	Пікір алысу		
	Қоғам дерті-жемқорлық	Қазан	Танымдық сабақ	8 «а»	А.Қожахметова
	Адал ұрпақ	Қараша	Ақпараттық сабақ		
	Саналы ұрпақ-жарқын болашақ	Наурыз	Пікір алысу		
	Сыбайлас жемқорлық туралы не білеміз?	Мамыр	Сурет байқауы		
	Адал ұрпақ-ел болашағы	Қазан	Танымдық сабақ		
	Біз таңдауымыз – жемқорлықсыз болашақ	Желтоқсан	Сурет сайысы	8 «ә»	Г Байарыстанова
	Менің міндетім және құқығым	Наурыз	Шығармалар байқауы		
	Құқықтық сауаттылық уақыт талабы	Мамыр	Пікір алас		
	Жемқорлықтың алдын алу шаралары	Қазан	Ақпарат сабақ	9 «а»	А Сәрсенбекова
	Адалдық адамдықтың белгісі	Желтоқсан	Шығарма жұмысы		

	Жемқорлықсыз қоғам –тіршілік тынысы	Наурыз	Сурет байқауы		
	Жемқорлыққа жол жоқ!	Мамыр	Пікірт алас		
	Адал ұрпақ қандай болу керек?	Қазан	Таны мдық сабақ	9 «ә»	Н Бекзулда
	Жаһандық Азамат, Адал,Білімді Сенімді	Қараша	Ақпараттық сабақ		
